

Карантинді алу және Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы Жайсаңбай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 31 тамыздағы "Карантин белгілеу туралы" № 16 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы Жайсаңбай ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 16 наурыздағы № 13 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және Үрғыз ауданының прокуратурасының 2026 жылғы 06 наурыздағы № 2-0305-26-00210 наразылығы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Мүйізді ірі қара малдары арасынан анықталған қарасан ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты Үрғыз ауданы Жайсаңбай ауылдық округі Жайсаңбай ауылының "Исатай мешіті" қыстағында орналасқан "ИДМ-КТА" шаруа қожалығына белгіленген карантин алынсын.

2. Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы Жайсаңбай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 31 тамыздағы "Карантин белгілеу туралы" № 16 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жайсаңбай ауылдық
округінің әкімі*

Е. Мұхайыс